

«Бекітемін»

Қазақстан шахмат федерациясының

Атқарушы директоры

Грищенко И. Ф

6 декабрь 2019 ж.



Келісілді»  
Жансая Әбдімәлік шахмат  
Академиясының Директоры  
Аширов Д. Ә.  
2019 ж.



**2020 жылы 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі топтардағы ұлдар мен қыздар арасында стандартты (классикалық), жылдам (рапид) және шапшаң (блиц) шахматтары бойынша Қазақстан Республикасы Чемпионатының**

### **Регламентіне қосымша**

#### **1. Мақсаттары мен міндеттері**

Турнир келесі мақсаттарда өткізіледі:

- 1.1 Көрсетілген жас санаттарындағы классикалық, жылдам және блиц шахматтары бойынша Қазақстан Республикасының Чемпиондарын анықтау;
- 1.2 «8», «10», «12», «14», «16» және «18» жас санаттарындағы классикалық шахмат бойынша 2020 ж. Әлем және Азия чемпионаттарының қатысушыларын анықтау;
- 1.3 Қазақстан Республикасында шахматты насихаттау;
- 1.4 Салауатты өмір салтын насихаттау.

#### **2. Өткізу мерзімі мен орны**

- 2.1 Жарыстар 2020 жылы 05 қаңтардан (келу күні) 18 қаңтарға (кету күні) дейін Тұран университетінде (Сәтпаев, 16 а көшесі) өтеді.
- 2.2 Турнирдің ашылуы – 05.01.2020 сағат 17.00.

#### **3. Жарыстарды өткізуге басшылық жасау**

- 3.1 Жарысты өткізуге басшылықты Қазақстан Республикасының Спорт және мәдениет министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, «Қазақстан Шахмат Федерациясы» РҚБ және Жансая Әбдімәлік шахмат Академиясы жүзеге асырады.
- 3.2 Жарысты тікелей өткізуге Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Шахмат федерациясының келісімі бойынша бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.
- 3.3 Жарыстың бас төрешісі – халықаралық арбитр Метелено Евгений Сергеевич.

#### **4. Жарысқа қатысушылар**

- 4.1. Қазақстан шахмат федерациясында тиісті түрде тіркелген (ҚШФ берген FIDE ID нөмірі бар) және Қазақстан шахмат федерациясының атынан Халықаралық шахмат федерациясында (FIDE) келесі жас санаттарында ойын көрсете алатын спортшылар:  
- 6 жасқа дейін – 2014 жылы туылған және одан да кіші;

- 8 жасқа дейін – 2013-2012 жж. туылған;
- 10 жасқа дейін – 2011-2010 жж. туылған;
- 12 жасқа дейін – 2009-2008 жж. туылған;
- 14 жасқа дейін – 2007-2006 жж. туылған;
- 16 жасқа дейін – 2005-2004 жж. туылған;
- 18 жасқа дейін – 2003-2002 жж. туылған.

4.2. Қыздар мен ұл балалар бөлек ойнайды. Шахматшыға өзінің жас санатынан жоғары топта ойнауға рұқсат етіледі. Жоғары жас тобында жүлделі орын алған кезде, спортшы әлем және Азия чемпионатында Қазақстан Республикасының намысын осы жас санатында ғана қорғай алады.

Ескертпе: «2014 жылы туылған және одан да кіші» санатындағы турнир эксперименттік болып табылады, жеңімпаздарды марапаттау 7.5.1 т. қараңыз.

- 4.3 Әр облыс іріктеу турнирлерінде 15 орынға дейін (14 облыс, 14 санат) алған әр жас санатында 4 ресми және 6 қосымша ойыншыны тіркей алады
- 4.4 Республикалық маңызы бар қалалар (Алматы және Шымкент) іріктеу турнирлерінде 20 орынға дейін алған 6 ресми және 10 қосымша ойыншыны тіркей алады.
- 4.5 Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласының Чемпионатына қатысушыларды, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының Біріншілігіне қатысушыларды 20 орынға дейін алған 6 ресми және 10 қосымша қатысушыдан тіркей алады.
- 4.6 Қала/облыс біріншілігін (іріктеу турнирін) дәлелді себептермен жіберіп алған қосымша қатысушыларға (науқастануы, шахматшының ФИДЕ ресми халықаралық турнирлеріне қатысуы) тек 1-ші разряд және одан жоғары атағы бар болған жағдайда ғана (жергілікті атқарушы мекеме растайтын құжаттармен) рұқсат берілуі мүмкін.
- 4.7 Ресми қатысушылар жарна төлемінсіз қарастырылады, қосымша қатысушылар үшін жарна сомасы 10 000 теңгеден аспайды.
- 4.8 "6" жасқа дейінгі жас санатында қатысушылар саны шектелмеген.
- 4.9 Турнирдің тиісті шарттарын қамтамасыз ету үшін, республикалық маңызы бар қала мен облыстардағы аға жаттықтырушылар 26.12.2019 ж.-дың сағат 12:00-ден кешіктірмей іріктеу турнирінің кестелерімен қоса өтінімдерді жіберулері қажет. Өтінімдер белгіленген мерзімнен кеш жіберілген жағдайда, спортшылардың жарысқа қатысуларына кепілдік берілмейді.
- 4.10 Чемпионатқа 2019 жылғы классикалық шахмат бойынша Қазақстан Республикасы, Әлем, Азия Чемпионаттарының, оқушылар арасындағы әлем және Азия Чемпионаттарының жүлдегерлері, сондай-ақ 2015-2019 жылдардағы классикалық шахмат бойынша балалар арасындағы әлем және Азия чемпиондары дербес қатысу құқығына ие. Дербес қатысу құқығы Чемпионатқа ресми және қосымша қатысудан тәуелсіз болып табылады.
- 4.11 Спортшылар жарысқа қатысу үшін, өтінімде міндетті түрде:
  - а) жергілікті мемлекеттік спорттық мекеменің мөрі;
  - б) тиісті дәрігерлік дене шынықтыру диспансерінің мөрі болуы тиіс.
- 4.12 Жарысқа қатысуға өтінімдер келесі электрондық мекен-жай бойынша қабылданады:  
[chessacademy.kz@mail.ru](mailto:chessacademy.kz@mail.ru)

## **5. Жеңімпаздарды анықтау, бағдарлама**

- 5.1 Жарыс швейцарлық жүйе бойынша 9 турда өткізіледі. Турнирді швейцарлық жүйе бойынша өткізуге қатысушылар саны жеткіліксіз болса, айналмалы жүйе пайдаланылады. Жылдам (рапид) және шапшаң (блиц) шахматтар бойынша жарыстардың өткізілуі қатысушылардың санына байланысты төрешілер алқасының шешімімен анықталады.
- 5.2 Уақытты бақылау:
- «классика» – 90 минут + 30 секунд әр қатысушыға партияның соңына дейін жасалған әр жүрісіне беріледі.
  - «рапид» – 15 минут + 10 секунд әр қатысушыға партияның соңына дейін жасалған әр жүрісіне беріледі.
  - «блиц» – 3 минут + 2 секунд әр қатысушыға партияның соңына дейін жасалған әр жүрісіне беріледі.
- 5.3 Турға кешігу – 30 (отыз) минутқа дейін рұқсат етіледі. Қажет болған жағдайда төреші, егер оған бұл жайлы ескертілсе және себеп ФИДЕ ережесінің 6.7.1.т.дәлелді болса, қалған уақытта ойнауға рұқсат ете алады.
- 5.4 Жарыстың жеңімпаздары барлық партияларда алған ең көп ұпайлардың саны бойынша анықталады.
- 5.4.1 Екі және одан да көп қатысушыда ұпайлар саны бірдей болған жағдайда, жеңімпаздар келесі көрсеткіштер бойынша анықталады:
- a) жеке кездесу;
  - b) қиылған Бухгольц коэффициенті (1 нашар нәтижесіз);
  - c) жеңістердің саны;
  - d) кара түспен ойналған ең көп партия саны.
  - e) Бухгольц.
- 5.4.2 Классикалық және жылдам шахмат бойынша барлық қосымша көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, екі партиядан тұратын рапид матчы (немесе бір айналымдағы матч-турнир, егер ізденушілердің саны екіден асса) ойнатылады. Уақытты бақылау: 15 минут + 10 секунд әр қатысушыға партияның соңына дейін жасалған әр жүрісіне беріледі. Қосымша матчта тепе-тең нәтиже болған жағдайда, екі партиядан тұратын матч ойнатылады. Уақытты бақылау: 3 минут + 2 секунд әр қатысушыға партияның соңына дейін жасалған жүрісіне беріледі. Блиц-матчта тепе-тең нәтиже болған жағдайда, «армагеддон» ережесі бойынша шешуші партия ойнатылады.
- 5.5 Ойыншыларға 30-шы жүрістен бұрын тең ойынға келісуге тыйым салынады.
- 5.6 Апелляция:
- даулы мәселелерді шешу үшін техникалық кеңесте Апелляциялық комитет (АК) сайланады (тағайындалады): төрағасы, АК екі негізгі мүшесі мен + 2 АК қосымша мүшесі;

- ойыншы қазылар алқасының кез-келген шешіміне наразылық білдіргісі келсе, мөлшері 20 000 (жиырма мың) теңге ақшалай кепіл енгізе отырып, тур аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей, АК-ға жазбаша нысандағы шағым бере алады;
- АК шешімі түпкілікті болып табылады;
- апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда, ақшалай кепіл толықтай қайтарылады;
- егер АК апелляцияны заңды негіздерден айырылған деп таныса, ақшалай кепіл қайтарылмайды және турнирдің жүлде қорын арттыру мақсатында Чемпионатты ұйымдастырушы комитетінің билігіне өтеді.

## 6. Кесте

05.01.2020	12.00-20.00	Қатысушылардың келуі, орналастырылуы
05.01.2020	10.00-20.00	Қатысушыларды тіркеу, аккредиттеу, рұқсаттама беру Сәтпаев, 16а көшесі "Тұран" университетінде өтеді.
05.01.2020	17:00	Туран университетінде турнирдің ашылу салтанаты
05.01.2020	20:00	Сәтпаев, 16а көшесі "Тұран" университетінде техникалық жиналыс өтеді.

## Классикалық шахмат турнирі

06.01.2020	10:00	1 тур - 6,8,10,12 жас
06.01.2020	15:00	1 тур - 14,16, 18 жас
07.01.2020	10.00	2 тур - 6,8,10,12 жас
07.01.2020	15:00	2 тур - 14,16, 18 жас
08.01.2020	10.00	3 тур - 6,8,10,12 жас
08.01.2020	15:00	3 тур - 14,16, 18 жас
09.01.2020	10.00	4 тур - 6,8,10,12 жас
09.01.2020	15:00	4 тур - 14,16, 18 жас
10.01.2020	10.00	5 тур - 6,8,10,12 жас
10.01.2020	15:00	5 тур - 14,16, 18 жас
11.01.2020	10.00	6 тур - 6,8,10,12 жас
11.01.2020	15:00	6 тур - 14,16, 18 жас
12.01.2020	10.00	7 тур - 6,8,10,12 жас
12.01.2020	15:00	7 тур - 14,16, 18 жас
13.01.2020	10.00	8 тур - 6,8,10,12 жас
13.01.2020	15:00	8 тур - 14,16, 18 жас
14.01.2020	10.00	9 тур - 6,8,10,12 жас
14.01.2020	15:00	9 тур - 14,16, 18 жас

### Жылдам шахмат турнирі (рапид)

15.01.2020	10.00	1-5 турлары - 6,8,10,12 жас
15.01.2020	16.00	1-5 турлары - 14,16, 18 жас
16.01.2020	10.00	6-9 турлары - 6,8,10,12 жас
16.01.2020	15.00	6-9 турлары - 14,16, 18 жас

### Шапшаң шахмат турнирі (блиц)

17.01.2020	10.00	1-9 турлары - 6,8,10,12 жас
17.01.2020	14.00	1-9 турлары - 14,16, 18 жас
17.01.2020	19:30	Салтанатты жабылу, жеңімпаздарды марапаттау"Тұран" университетінің кабырғасында өтеді

## 7. Марапаттау

- 7.1 «8», «10», «12», «14», «16» және «18» жас санаттарындағы Қазақстан Республикасының Чемпиондары 2020 жылғы классикалық шахматтан ұлдар мен қыздар арасындағы әлем Чемпионатына қатысу құқығына ие болады.
- 7.2 «8», «10», «12», «14», «16» және «18» жас санаттарындағы Қазақстан Республикасының күміс жүлдегерлері 2020 жылғы классикалық шахматтан ұлдар мен қыздар арасындағы Азия Чемпионатына қатысу құқығына ие болады.
- 7.3 Қандай да бір себептермен негізгі ойыншы әлем немесе Азия Чемпионатына қатысудан бас тартқан жағдайда, басқа спортшының жіберілуі Қазақстан шахмат федерациясының басқару Аппаратымен шешіледі.
- 7.4 7.1., 7.2., 7.3.,7.4. тт-да көрсетілген спортшыларға ҚШФ атынан қаржылық қолдау көрсету. 4.1.т талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ғана жарамды.
- 7.5 Сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері («2014 ж.т. және одан да кіші» санатын қоспағанда) медальдармен, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.
- 7.5.1 2014 ж. және одан кіші санаттағы жеңімпаздар медальдармен және дипломдармен марапатталады. Чемпионаттың ұйымдастыру комитеті қосымша жүлделерді тағайындауға құқылы.
- 7.6 Турнирдің ресми жалпы жүлде қоры 2 000 000 теңге.
- 7.7 Әрбір жас санатқа («2014 ж.т. және одан да кіші» санатын қоспағанда) жүлде қоры мөлшері 293 000 (екі жүз тоқсан үш мың) теңгеден белгіленген және былайша бөлінеді:

### Классикалық шахмат турнирі

1 жүлде	80 000 (сексен мың) теңге
2 жүлде	50 000 (елу мың) теңге
3 жүлде	30 000 (отыз мың) теңге

### Жылдам шахмат турнирі (рапид)

1 жүлде	32 000 (отыз екі) теңге
2 жүлде	22 000 (жиырма екі) теңге
3 жүлде	12 600 (он екі мың алты жүз) теңге

### Шапшаң шахмат турнирі (блиц)

1 жүлде	32 000 (отыз екі) теңге
2 жүлде	22 000 (жиырма екі) теңге
3 жүлде	12 600 (он екі мың алты жүз) теңге

- 7.8 Қосымша жүлде қоры 5 000 000 теңгені құрайды және сыйлық сертификаттары түрінде ұсынылады.
- 7.9 Классикалық шахматтан («2014 ж.т. және одан да кіші» санатын қоспағанда) Қазақстан Республикасының чемпионын дайындаған жаттықтырушы 20 000 теңге көлемінде сыйақымен марапатталады.
- 7.9.1 Жаттықтырушылар үшін ақшалай марапаттау жалпы жүлде қорынан бөлінеді.

**Ескертпе.** Егер жаттықтырушы бірнеше чемпионды дайындаса, бірнеше сыйлық алуға жол беріледі.

- 7.10 Жарыстың классикалық бөлігінде медальдық қорытындымен, өңірлер бойынша командалық марапаттау өтеді. Бас жүлде (Кубок) ең көп алтын медаль жеңіп алған өңірдің делегациясына беріледі. Алтын медальдар тең болған кезде (немесе олардың толық болмауы) күміс, сосын қола медальдың саны есепке алынады. Жеңімпаз өңірлер делегациясы Қазақстан Республикасы Чемпионатына қатысканы үшін кубоктар мен естелік сертификаттармен марапатталады. Жалпы үш жүлде.

## 8. Жайғасы орны, жол жүру және аккредитациялау

- 8.1 Қатысушылардың ресми орналасу және жайғасу орындары:

**Ескертпе.** Қатысушылар ресми қонақ үйлерде (хостелде) жайғасуы міндетті емес, бірақ, Чемпионат ұйымдастырушылармен өзара іс-қимыл жүргізу және қосымша ақпарат

алу мақсатында мүмкіндігінше жайғасқаны дұрыс. Егер делегация басқа жерде тұруға шешім қабылдаса, онда ол Чемпионаттың ресми сайтында **chessacademy.kz** ағымдағы өзгерістерді қадағалауға және ұйымдастырушыларға талап қоймауға міндеттеледі.

8.2 Қатысушылар және олармен жүретін тұлғалар үшін жайғасу құны:

8.2.1 «Алматы» қонақ үйі, Қабанбай батыр көшесі, 85. Екі орындық нөмір, адам басына 3-мезгілдік тамақпен (швед үстелі) 8000 теңге/тәулігіне.

- Қосымша төсек ұсынуға болады, ұсыну құны адам басына тәулігіне – 8 000 теңге, 3 рет тамақтанумен.

- Бір орындық нөмірдің құны – 13 500 теңгені құрайды, 3 рет тамақтандырумен (швед үстелі).

8.2.2. «Интерконтиненталь» қонақ үйі Желтоқсан көшесі, 181 – 18 500 теңге/тәулігіне екі адамға таңғы ас (швед үстелі).

- Осы тармақ 18 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының Чемпионатына еріп жүруші және қатысушы үшін жарамды.

- Қосымша төлем енгізу кезінде қосымша төсек ұсынуға болады - басына тәулігіне 5500 теңге.

Брондау үшін өтінімдер **26.12.2019 қоса алғанда** мына электронды мекен-жай бойынша қабылданады **abelgoziyeva@gmail.com**.

## **9. Қатысушылар, жаттықтырушылар, бірге жүретін тұлғалардың құқықтары мен міндеттері**

9.1 Қатысушылар ФИДЕ ережелеріне, осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттеледі.

9.2 Партия жазбасы 6 жасқа дейінгі топтан басқа барлық қатысушылар үшін міндетті.

9.2.1 Төрешінің екі ескертуінен кейін партия жазбасын жүргізбеген ойыншыға жеңіліс есептеледі. Егер жағдай қайталанса, қатысушы жарыстан шығарылады.

9.3 Қатысушылар, жаттықтырушылар, бірге жүретін тұлғалар Қазақстан Республикасы Әкімшілік және Қылмыстық құқық тәртібімен белгіленген қоғамдық орындарда мінез-құлық және әдептілік ережесін сақтауға міндеттеледі.

9.3.1 Жүйелі түрде ойын тәртібін бұзған жағдайда, мас күйінде жүрсе, қасақана дау-жанжал жағдайлар тудырса, қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушы және бірге жүретін тұлғалар тарапынан ұқсас құқық бұзушылық жағдайлар болса, құқық бұзушылар Чемпионатта болу құқығынан айырылады.

9.4 Чемпионат қатысушылары құқылы:

- Апелляциялық Комитетке өтініш білдіруге (5.5 т. көріңіз).

- турнир залында алғашқы медициналық көмек алуға.

9.5 ID ФИДЕ қатысушыларында болмаған жағдайда, ол ҚР чемпионатынан кейін/дейін автоматты түрде берілетін болады.

## **10. Қаржыландыру**

10.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрлігі спорт және дене шынықтыру ісі жөніндегі Комитет келесі шығындарды өз мойнына алады:

- жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау үшін медальдар мен дипломдардың («2014 ж.т. және одан кіші» санатын қоспағанда) толық комплектісін ұсыну;

- төрешілер алқасының жұмыс ақысын төлеу;

10.2 Қазақстан шахмат федерациясы келесі шығындарды өз мойнына алады:

- жүлде қорын қамтамасыз ету;
- турнир залын жалдау бойынша шығыстарды өтеу;
- төрешілер алқасының жұмыс акысын жартылай төлеу;
- полиграфиялық қызметтер.

10.3 Жансая Әбдімәлік шахмат академиясы келесі шығындарды өзіне алады:

- сыйлық сертификаттары түрінде жүлде қорын ұлғайтуға кемінде 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшерінде қосымша демеушілік қаражат ұсыну;
- төрешілер бригадасының санын ұлғайту.

10.4 Спортшылардың жол жүру, орналасу және тамақтану бойынша шығыстарды сапарға жіберуші ұйымдар өтейді.

## 11. Ақпараттық байланыс

Турнир директоры	Аширова Алма	<a href="mailto:chessacademy.kz@mail.ru">chessacademy.kz@mail.ru</a> +77019292244 +7 727 248 17 17
Бас төреші	Метелено Евгений Сергеевич	+7 771 856 4853
ҚШФ үйлестірушісі	Кулахметова Раушан	<a href="mailto:office@kazchess.kz">office@kazchess.kz</a>
Қонақ үй брондау	Белгозиева Айгуль	+7 701 342 95 09
Турнирдің ресми сайты:	<a href="http://www.chessacademy.kz">www.chessacademy.kz</a>	<a href="http://kazchess.kz">kazchess.kz</a>